


# Төлем балансы, мемлекеттің валюта-қаржылық саясатының бейнесі ретінде

---





---


Халықаралық есеп айырысу баланстары агрегаттық экономикалық көрсеткіштер жүйесінде маңызды орын алады, себебі ол ұлттық табысты елдер арасында қайта бөлуді көрсетеді. Сондықтан жиынтық ұлттық өніммен ұлттық табысты бөлгенде халықаралық талаптар мен міндеттемелердің таза сальдосы есептелінеді.

Халықаралық есеп айырысу баланстары – ол бір мемлекеттің басқа мемлекеттерге қарағанда ақшалы талаптары мен міндеттемелерінің және түсімдері мен төлемдерінің арақатынасы.

Халықаралық есеп айырысу баланстарының негізгі түрлері мыналар

- **төлем балансы;**
- есеп айырысу балансы;
- халықаралық қарыз баланысы;


**Төлем балансы** дегеніміз - белгілі бір уақыт аралығында мемлекеттің шетелге төлеген валюталық соммасымен оған шетелден түскен соманың арақатынасы. Белгілі бір мерзімінің және бір күндік төлем балансы болады.





---


Бір күндік төлем балансы статистикалық көрсеткіш ретінде жарияланбаса, ол белгілі бір датаға орындалуға тиіс төлемдер мен түсімдердің арақатынасындағы өзгерістерді көрсетеді белгілі бір мерзімнің төлем балансы осы уақыт аралығында өзгерістерді көрсетеді. Белгілі-бір мерзімнің төлем балансы осы уақыт аралығындағы төлем мен түсімдердің арақатынасын көрсетіп, мемлекеттің халықаралық экономикалық қатынастарындағы өзгерістерін және елдің экономикасының жағдайын білуге көмектеседі.


Егер валюталық түсім төлемнен артық болса, онда төлем балансы активті, ал егер төлем түсімнен төмен болса, онда төлем балансы пассивті деп аталады.

- 
- 
- **Төлем балансы** – елдің белгілі бір уақыт ішінде шетелге шығарылғандарынан түскен түсімдері мен сырттан әкелінген тауарлары мен қызметтері үшін төленген төлемдер арасындағы шекті қатынасы.
  - Еліміздегі төлем балансы мынандай бөлімдерді қамтиды:
    - А. Ағымдағы шот.
    - В. Капитал және қаржымен жасалатын операциялар шоты.
    - С. Қателер мен қалып қойғандар.
    - Д. Қаржыландыру

- 
- 
- **Ағымдағы шотта мыналар көрсетіледі:**
  - Сауда балансы:
    - Экспорт
    - Импорт
  - Таза қызметтер:
    - Жүк тасымалдау
    - Адамдар тасымалдау
    - Байланыс қызметі
    - Туризм
    - Басқа
  - Табыстар:
    - Займдар және несиелер бойынша сыйақы (мүдделендіру)
    - Резервтер бойынша сыйақы (мүдделендіру)
    - Басқа да
  - Ағымдағы трансферттер
  - Гуманитарлық көмектер
  - Техникалық көмектер
  - Гранттар

- 
- 
- **Капитал және қаржымен жасалатын операциялар шотында** мыналар көрсетіледі:
  - Тікелей инвестициялар
  - Портфелдік инвестициялар
  - Мигранттардың трансферттері
  - Сауда (коммерциялық) несиелері
  - Займдар
  - Басқа инвестициялар
  - **Қателер мен қалып қойғандар шотында** ресми түрде резидент еместермен ескерілмей қалғандарды, соған қоса «көлеңкелі бизнесті» есепке алады.


- 
- 
- **Жалпы төлем балансы** ағымдағы операциялар бойынша төлем балансын, капиталдар мен несиелердің қозғалысының балансы, сондай-ақ алтын және валюта резервтерінің қозғалысын құрайды.
  - Жалпы төлем балансы әрдайым теңесіп отырылады, яғни оның активтік және пассивтік операциялары біріңғай шаманы құрады.
  - **Қаржыландыру шотында** мыналар есепке алынады:
    - Қазақстан Ұлттық банкінің резервтік активтері
    - Монеталы алтын
    - Шетел валютасы
    - ХВҚ несиелері



---

Бухгалтерлік тұрғыдан алғанда Төлем балансы. тепе-теңдікте болады, бірақ оның негізгі бөлімдері бойынша егер түсім басқа елдерге төлемдерден асып түссе, актив сальдо болуы немесе түсім төлемнен аз болса, пассив сальдо болуы мүмкін. Сальдо теңгестіруші баптардың есебінен өтеледі. Төлем балансының жағдайы ұдайы өндірісте болатын үдерістерге (экономикалық өрлеу қарқынына, инфляцияға, валюталық бағамның серпініне, төтенше оқиғаларға, елдің әлемдік экономикадағы орнына, т.б.) байланысты.





Өз кезегінде Төлем балансының жағдайы ұдайы  
өндіріске, валюталық бағамға, алтын-валюталық сақтық қорға, сыртқы берешекке, елдің валюталық-экон. жағдайына, капиталдың көші-қонына, әлемдік валюталық жүйеге, дүниежүзілік шаруашылыққа ықпалын тигізеді. Төлем балансы мемлекеттік реттеу нысаны болып табылады, негізгі баптардың қалыптасуына ( тауарлар экспортын көтермелеуге, шетел капиталының ағынын тоқтатуға, капитал әкетілімін реттеуге, т.б.) және пайда болған пассив сальдоны шетелдік несие мен инвестицияларды тарту, ресми валюталық сақтық қорларды, кейде алтынның босалқы қорларын да тарту есебінен өтеуге бағытталады. Төлем балансының актив сальдосын мемлекет елдің сыртқы берешегін өтеу, басқа елдерге несие беру, алтын-валюталық сақтық қорларын молайту, шетелде “екінші” экономика жасау мақсатымен капитал әкету үшін пайдаланады.


- 
- **Есеп айрысу балансы** – елдің шетелге қатысты талаптары мен міндеттемелері.
  - Мұндай талаптар мен міндеттемелерге мемлекеттік (алтын-валюта және басқа да) және жәке активтер, тікелей инвестициялар, алынған және берілген несиелер , қаржы және қаржы емес корпорациялардың міндеттемелері жатады. Төлем балансынан бір айырмашылығы есеп айрысу балансында басқа елдерге қатысты төлем жасалмаған барлық талаптар мен міндеттемелер қамтылады.

# Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1-жартыжылдықтағы төлем балансы

---

Төлем балансын бағалау бойынша ағымдағы операциялар шотының профициті 2010 жылғы 1-жартыжылдықпен салыстырғанда 53,4% ұлғая отырып, 2011 жылғы 1-жартыжылдықта 7,2 млрд. АҚШ долл. құрады.

Ағымдағы операциялар балансының айтарлықтай жақсаруы тауар экспорты құнының энергия тасымалдауыштардың әлемдік бағаларының қолайлы конъюнктурасына байланысты өсуімен қамтамасыз етілді. Орташа алғанда 2011 жылғы 1-жартыжылдықта Brent сұрыпты мұнайдың әлемдік бағасы бір баррель үшін 111,0 АҚШ долл. құрады, бұл оның 2010 жылғы 1-жартыжылдықтағы орташа деңгейден (бір баррель үшін 77,67 АҚШ долл.) 42,9% жоғары. Бұл ретте 2011 жылғы 2-тоқсанда мұнайдың әлемдік орташа бағасы 117,1 млрд. АҚШ долл. жетті, бұл оның 2011 жылғы 1-тоқсандағы деңгейнен 11,50%-ға жоғары. Нәтижесінде тауарлар экспорты 2010 жылғы 1-жартыжылдықпен салыстырғанда 37,0% ұлғая отырып, 41,0 млрд. АҚШ долл. құрады. Бұл ретте тауарлардың ресми экспорты 40,5 млрд. АҚШ долл. құрады.



---


Тауарлар импорты да 18,3 млрд. долл. жете отырып, айтарлықтай өсті (36,0%) (2010 жылғы 1-жартыжылдықта 13,4 млрд. АҚШ долл.), оның ішінде ресми импорт 16,2 млрд. АҚШ долл. құрады (2010 жылғы 1-жартыжылдықта 13,0 млрд. АҚШ долл.).

Тұтастай алғанда сауда балансы есепті кезең үшін Ұлттық Банктің бағалауы бойынша 2010 жылғы 1-жартыжылдықпен салыстырғанда 37,9% ұлғайып (2010 жылғы 1-жартыжылдықта 16,5 млрд. АҚШ долл.), 22,8 млрд. АҚШ долл. құраған оң сальдомен қалыптасты.

Қызмет көрсету балансының дефициті 2010 жылғы 1-жартыжылдықтағы көрсеткішпен салыстырғанда 11,1% төмендеп, 2011 жылғы 1-жартыжылдықта 2,5 млрд. АҚШ долл. болды. Қызмет көрсетудің теріс дисбалансының қысқаруы қызмет көрсету импортының 4,4 млрд. АҚШ долл. азаюымен қамтамасыз етілді, бұл көбіне қашаған кең орнындағы мұнай және газды кешенді дайындау қондырғысы бойынша құрастыру жұмыстарының аяқталуымен байланысты болды.



Тауарлар экспортынан түсімдердің ұлғаюы салдарынан экономиканың тиісті салаларында шетелдік тікелей инвесторлар кірістерінің өсуі жалғасуда. Шетелдік тікелей инвесторларға төлемдер алдын ала 11,9 млрд. АҚШ долл. деп бағаланды, бұл 2010 жылғы 1-жартыжылдықтағы осындай көрсеткіштен 54,2% жоғары (7,8 млрд. АҚШ долл.). Тікелей инвестициялау қатынастарымен байланысты емес кредиторларға сыйақы төлеу де 2011 жылғы 1-жартыжылдықта 1,5 млрд. АҚШ долл. асып, 25,6% ұлғайды. Нәтижесінде, алдын ала бағалау бойынша инвестициялық кірістер балансының теріс сальдосы 2010 жылғы 1-жартыжылдықтағы 8,2 млрд. долл. салыстырғанда 12,5 млрд. АҚШ долл. болды.



---

2011 жылғы 1-жартыжылдықтағы қаржылық шот бойынша нетто-әкету 1,8 млрд. АҚШ долл. болып қалыптасты, оған 2011 жылғы 2-тоқсандағы операциялар себепші болды. Шетелге тікелей инвестициялар бойынша 3,0 млрд. АҚШ долл. болатын нетто-әкету Қазақстан кәсіпорындарының өздерінің шетелдегі аффилиирленген компанияларына берген акционерлік капитал мен несиелердің өсуімен қамтамасыз етілді. Қазақстанға шетелдік тікелей инвестициялардың (ШТИ) таза түсуі 2010 жылғы 1-жартыжылдықтағы 5,8 млрд. АҚШ долл. салыстырғанда 7,6 млрд. АҚШ долл. деп бағаланады. Елге ШТИ нетто-ағынының ұлғаюы көбіне шетелдік қатысу бар банктердің акционерлік капиталын толықтыру мен, сондай-ақ банктік емес сектор кәсіпорындарының капиталына қатысу үлесін резидент еместердің сатып алуы бойынша мәмілелер есебінен қамтамасыз етілді. Нәтижесінде, *тікелей инвестициялау операциялары бойынша* оң баланс есепті кезеңде 4,6 млрд. АҚШ долл. болды.



Портфельдік инвестициялар балансы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының шетелдік активтерінің 6,4 млрд. АҚШ долл. астам өсуімен, сондай-ақ Ұлттық Банктің резидент еместердің қолдарындағы қысқа мерзімді ноттарының 1,6 млрд. АҚШ долл. ұлғаюымен сипатталады. Бұған қоса, 2011 жылғы 1-жартыжылдықта еурооблигациялардың жаңа шығарылымдары нәтижесінде банк секторы міндеттемелерінің, сондай-ақ банктердің АМК шығарған еурооблигациялары бойынша эмитентті ауыстыру операцияларының өсуі байқалды. Нәтижесінде, қазақстандық банктердің портфельдік инвестициялар (бұрын шығарылған еурооблигациялар бойынша өтеуді және банктердің қайталама нарықтағы операцияларын ескере отырып) бойынша міндеттемелерінің өсімі 0,5 млрд. АҚШ долл. асып кетті. Тұтастай алғанда, портфельдік инвестициялар бойынша нетто-әкету 4,2 млрд. АҚШ долл. құрады.

# Валюта нарығы

---

2011 жылғы сәуірде ішкі валюта нарығындағы ахуал тұрақты күйінде қалды. Бір айдың ішінде теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы 1 доллар үшін 145,40–146,47 теңге ауқымында өзгерді. 2011 жылғы шілдеде теңге 0,2% әлсіреді және айдың аяғында теңгенің биржалық бағамы 1 доллар үшін 146,14 теңге болды.

Шілдеде Қазақстан Қор Биржасындағы биржалық операциялар көлемі қосымша саудасаттықтағы мәмілелерді есептегенде маусыммен салыстырғанда 16,8% азайып, 4,7 млрд. АҚШ долл. болды. Биржадан тыс валюта нарығында операциялардың көлемі 10%-ға артты және 4,2 млрд. АҚШ долл. құрады.

Тұтастай алғанда ішкі валюта нарығындағы операциялардың көлемі 6,0% төмендеді және 8,9 млрд. АҚШ долл. болды. 2011 жылғы шілдеде Ұлттық Банк көбіне ішкі валюта нарығында негізі шетел валютасының нетто-сатушысы ретінде болды.



# Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы

---

2011 жылғы шілдеде Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын орналастыру бойынша 4 аукцион болды. Оларға 12 айлық МЕККАМ (12,8 млрд. теңге), 5 жылдық МЕОКАМ (11 млрд. теңге), 12 жылдық МЕУКАМ (19,1 млрд. теңге), 8 жылдық МЕУЖКАМ (15 млрд. теңге) орналастырылды.

Орналастырылған бағалы қағаздар бойынша тиімді кірістілік инфляция деңгейінен 12 айлық МЕККАМ бойынша – 1,60%, 5 жылдық МЕОКАМ бойынша – 3,84% және 12 жылдық МЕУКАМ бойынша – 4,97%, 8 жылдық МЕУЖКАМ бойынша – 0,01% жоғары болды.

Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі 2011 жылғы шілденің аяғында алдыңғы аймен салыстырғанда 1,53% өсіп, 1843,9 млрд. теңге болды.



**Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттары.** Ұлттық Банк ноттары эмиссиясының көлемі 2011 жылғы маусыммен салыстырғанда 2011 жылғы шілдеде 59,6% қысқарды және 183,6 млрд. теңге болды.

Қысқа мерзімді ноттардың кірістілігі 2011 жылғы маусымдағы 1,10%-дан 2011 жылғы шілдеде 1,05%-ға дейін төмендеді.

Айналыстағы ноттардың көлемі 2011 жылғы шілдеде 2011 жылғы маусыммен салыстырғанда 12,0% төмендеді және 1170,3 млрд. теңге болды.


# Банкаралық ақша нарығы

---

2011 жылғы маусымда орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемі 2011 жылғы мамырмен салыстырғанда 37,0% өсіп, баламасы 4021,4 млрд. теңге болды.

Теңгедегі орналастырылған банкаралық депозиттердің көлемі 52,0% ұлғайды және 1985,2 млрд. теңге болды (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 49,4%). Бұл ретте орналастырылған банкаралық теңгедегі депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы маусымда 0,65%-дан 0,62%-ға дейін төмендеді.

Ұлттық Банктің банктерден тартқан депозиттерінің көлемі 2011 жылғы маусымда 2011 жылғы мамырмен салыстырғанда 15,6%-ға 1627,8 млрд. теңгеге дейін ұлғайды.



---

2011 жылғы маусымда мамырмен салыстырғанда доллардағы орналастырылған депозиттердің көлемі 23,3% ұлғайды және 12,1 млрд. АҚШ долл. болды (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 43,9%). Доллардағы орналастырылған депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы маусымда өзгеріссіз 0,11% қалды.

2011 жылғы маусымда еуромен орналастырылған депозиттердің көлемі 41,7% ұлғайып, 0,8 млрд. еуро болды (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 4,3%). Еуромен орналастырылған депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 0,96%-дан 1,13%-ға дейін өсті.



Рубльдегі депозиттерге орналастыру көлемі аз ғана мөлшерде қалып отыр – орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің – 2,5%-ы.

Шетел валютасындағы банкаралық депозиттердің үлесі 2011 жылғы маусымда орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 55,5%-нан 50,6%-на дейін азайды. Резидент емес банктерде орналастырылған шетел валютасындағы депозиттердің үлесі 55,0%-дан 50,5%-ға дейін азайды.

## Қаржылық шот

Алдын ала бағалау бойынша, қаржылық шот бойынша көрсетілген кезеңде 7,2 млрд. долл. болатын нетто-әкету қалыптасты.

Шет елге тікелей инвестициялар бойынша 4,4 млрд. долл. болған нетто-әкету акционерлік капиталдың өсуімен қамтамасыз етілді. Бұл ретте акционерлік капиталдың өсуі бұған дейін қазақстандық тікелей инвесторлардан алынған заемдарды өтеуге шетелдік компаниялардың капиталын толықтырумен ішінара байланысты болды. Қазақстандық компаниялардың өздерінің еншілес шетелдік компаниялар алдындағы міндеттемелерін өтеуімен қатар (негізінен, 1-жартыжылдықта) есепті кезеңнің үшінші тоқсанында мұнай-газ секторының жетекші компанияларының бірінің синдицирленген заем тартуы есебінен өсуі байқалады.



---

Шетелдік тікелей инвестициялардың (ШТИ) Қазақстанға таза түсуі базалық кезеңдегі 10,7 млрд. долл. салыстырғанда 13,1 млрд. долл. асып кетті. Базалық кезеңмен салыстырғанда елге ШТИ-дің нетто-әкелінуінің ұлғаюы негізінен шет елдің қатысуы бар банктердің және банктік емес сектор кәсіпорындарының акционерлік капиталының ұлғаюымен, сондай-ақ қазақстандық кәсіпорындардың бөлінбеген пайдасының (қайта инвестицияланған пайда) өсуімен байланысты операциялармен қамтамасыз етілді. Нәтижесінде, *тікелей инвестициялау операциялары* бойынша оң баланс есепті кезеңде 8,8 млрд. долл. болып бағаланады.

Алдын ала деректер бойынша 12,6 млрд. долл. болатын *портфельдік инвестициялар* бойынша нетто-әкетілу, негізінен, ҚР Ұлттық қорының шетелдік активтерінің 11,4 млрд. долл. өсуімен қамтамасыз етіледі. Өткен жылдың екінші-төртінші тоқсандарында Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттары нарығынан резидент еместердің кетуі Ұлттық Банктің ноттарымен операциялар бойынша 0,2 млрд. долл. болатын ресурстың нетто-әкетілуіне әкел соқты.

Бірқатар бұқаралық ақпарат құралдарында (БАҚ) төлем балансының азымдағы шотының 2011 жылғы жай-күйі туралы Ұлттық Банктің болжамы бойынша ақпарат жарияланды, оған сәйкес азымдағы шоттың профициті 8,2 млрд. долл. құрады. Бұл болжам Қазақстанның қаржылық тұрақтылығы туралы 2011 жылғы есепте келтірілген, бұл ретте болжамның 2011 жылғы қарашадағы жағдай бойынша қалыптастырылғаны көрсетілген. Көрсетілген болжамды әзірлеу кезінде төлем балансының бірінші жартыжылдықмазы есебі және кедендік статистиканың сыртқы сауда жөніндегі 2011 жылғы 3-тоқсандағы алдын ала деректері пайдаланылды, олар өткен жылдың 9 айындағы есептік төлем балансы қалыптастырылғанға дейін (2011 желтоқсан) негізінен, экспорттың ұлғаю жағына қарай айтарлықтай түзетілген болатын. Белгіленген мерзімдерге сәйкес төлем балансының алдын ала базасы есепті кезеңнен кейінгі 30-шы күні әзірленеді. Төлем балансының 2011 жылғы алдын ала базасын қалыптастыру күні – 2012 жылғы 27 қаңтар. Азымдағы операциялар шотының профициті 13,6 млрд. долл. құраған бұл база, ҚРҰБ-ның веб-сайтында азымдағы жылғы I ақпанда орналастырылды. Бұл ретте Кедендік бақылау комитетінің және ҚР Статистика агенттігінің ақпараты бойынша Кеден одағы мемлекеттерімен өзара сауда жөніндегі 2011 жылғы қаңтар-желтоқсандағы деректер нақтыланатын болады.



## Қосымша

---

Төлем балансы болжамданған аса баланстырылған болмақ. Бұл туралы ҚР Ұлттық банкі төрағасының орынбасары Данияр Акишев "Казахстанская правда" газетіне берген сұхбатында мәлімдеді. «Біздің ойымызша елдің төлем балансы жылдың ішінде баррельге 50 доллар деңгейінде қала береді. Қазіргі кезде баррельдің құны 70 доллар маңайында ауытқып тұр және де біз төлем балансы болжамданған аса баланстырылған, бұдан да жақсы болмақ. Ал егер де валюта нарығында баланс сақтанып тұрса айырбас бағамын ауыстыруға ешқандай алдын ала жағдай болмайды» деді Д. Акишев.

"Екі банкте өтіп жатқан қайта құрылымдауды ескере отырғанда қазіргі уақыттағы сыртқы борыш 32 млрд АҚШ долларын құрап отыр. Жылдың басындағы бұл көрсеткіш 39 млрд долларды құраған. 2007 жылдың ортасында банктердің сыртқы борышы ЖІӨ-нен 50%-ды құраса қазіргі таңда ол 27%-ды құрап отыр. Біз қайта құрылымдау процессі аяқталғаннан соң банктердің сыртқы борыш проблемалары шешіледі деген үміттеміз" деді Д. Акишев. "Егер ағымдағы борышқорлық жүктеме туралы айтатын болсақ онда былтырғы жылға қарағанда осы жылдың тоқсанға бөлгендегі төлемдері азырақ" деп хабарлады. «Ал келесі жылы бұл жүктеме екі есеге азая түседі. Яғни қазіргі кезеңге дейін сыртқы борыштарды төлеу тәуекелі болса онда ағымдағы және келесі жылдары төлемдерді төлеу тәуекелі әжептеуір азая түседі» деп мәлімдеді Ұлттық банкі төрағасының орынбасары.